



Korkyt Ata University
Since 1997

ХАБАРШЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ҒЫЛЫМДАРЫ

ISSN 1607-2782 (print)
ISSN 2958-8367 (online)

№4, (71)

2024

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҒЫЛЫМДАРЫ



ISSN 1607-2782 (print)
ISSN 2958-8367 (online)

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ҒЫЛЫМДАРЫ**

№4 (71), 2024

1999 жылғы наурыздан бастап шығады
Выходит с марта 1999 года
Published since March 1999

Жылына төрт рет шығады
Выходит четыре раза в год
Published four a year

**Қызылорда/Қызылорда/Kyzylorda
2024**

ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ҚҰЙРЫҚТЫ ҚОЙ ТҰҚЫМЫ САУЛЫҚТАРЫНЫҢ КӨБЕЮШІЛІК ҚАБІЛЕТТІЛІГІНЕ ТҰҚЫМДЫҚ ҚОШҚАРЛАРДЫҢ ҚОҢДЫЛЫҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ӘСЕРІ

Бурамбаева Н.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор
07041963@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-3484-9796>

Бексентов Т.К., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор
bexetov.t@tou.edu.kz <https://orcid.org/0000-0002-5838-5447>

Темиржанова А.А., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор
alma.temirzhanova.74@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6219>

Абельдинов Р. Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор, abrustem@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8773-6392>

Атейхан Б., PhD, қауымдастырылған профессор
bolatbek_ateihanuly@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5633-972X>

Титанов Ж.Е., PhD, қауымдастырылған профессор
zhanat.titanov@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1127-1143>

Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада далалық аймақтардағы шаруа қожалықтар жағдайындағы қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымы саулықтарының көбеюшілік қабілеттілігіне өндіруші қожалардың қондылық категориясының әсерін зерттеу нәтижелері көрсетілген. Зерттеу нысаны ретінде Павлодар облысы Павлодар ауданының «Ақ Бас-Павлодар» ШҚ өсірілетін жоғары және орташа қондылық категориясындағы қожалар мен саулықтары алынды, олар жоғары және төмен қондылық категориясындағы қойлармен салыстырғанда асыл тұқымдық отардың жоғары үлес салмағын иеленді.

Бірінші кезеңде қойлардың қондылық категориясына байланысты ең жақсы комбинациялық нұсқаны белгілеу міндеті қойылды, ол үшін асыл тұқымды отардан қойлардың 3 тобы таңдап алынды. Павлодар ауданының далалық аймағының «Ақ Бас-Павлодар» ШҚ жағдайында 1-ші топта қондылық категориясы жоғары қожалар мен саулықтары, 2-ші топта қондылық категориясы орташа қожалар мен саулықтары және үшінші топта қондылық категориясы орташадан төмен қожалар мен саулықтар қамтылды. Қондылықтары жоғары қожалардың қондылықтары жоғары және орташа саулықтармен шағылыстыру кезінде алынған төлдерді енесінен айыру кезіндегі тірі салмақтары: еркек қозыларда 37,2 кг, ұрғашы қозыларда 35,5 кг және сәйкесінше екінші шағылыстырудан алынған еркек қозылардың салмақтары 35,7 кг, ал ұрғашы қозылары 33,5 кг болды. Қондылықтары орташадан төмен қожалармен саулықтарды шағылыстырудан туған қозылардың 4 айдағы өсімі еркек қозыларда 30,1 кг, ұрғашыларында 29,8 кг құрады.

Экстерьерінің жекелеген бөліктерінің өлшемдері бойынша өсуді зерттеу белгілі бір құндылықты білдіреді, бірақ малдардың дене бітімін дұрыс бағалау үшін индекстері міндетті түрде есептелінуі тиіс, себебі жеке алынған өлшемдер ағзаның дамуының үйлесімділігі туралы толық түсінік бермейді. Дене индекстерінің негізінде малдардың биологиялық ерекшеліктерін және шаруашылықтық құндылығын анықтауға болады, себебі олардың арасында белгілі бір өзара байланыс болады. Осылайша қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымы қозыларының денелерінің линиялық өлшемдерін өлшеу динамикасы өсудің жалпы заңдылығына тән екендігін көрсетеді, яғни неғұрлым қарқынды өсу кезеңі баяу өсу кезеңімен ауысады.

Ұрықтандырылған саулықтардың ұрықтану көрсеткіштері жоғары, орташа және орташадан төмен қондылық категориясы бойынша 96,6; 97,7; 87,7 пайыз аралығын қамтыған. Бұдан қарағанда қондылығы жоғары және орташа саулықтардың ұрықтану деңгейі 10 пайызға жоғары болатындығын зерттеу нәтижесінен көруге болады. Алынған қозылардың өсімталдығы 120,1; 131,4; 118,2 пайызды құрады. Ал, енесінен айыру кезінде сақталған қозылардың пайыздық көрсеткіштері жоғары қондылықтарда 98,6, орташа қондыларда 99,3, орташадан төмендерде 97,6 пайызды құрады.

Тірек сөздер: қошқар, қоңдылық категориясы, тірі салмақ, саулықтардың өсімталдығы, өнімділік.

Кіріспе. Жалпылай алғанда агроөнеркәсіптік кешеннің, соның ішінде қой шаруашылығы саласының экономикалық тиімділігінің мәселелері ел үкіметінің тұрақты назарында болып отыр, ол соңғы жылдары бұл саланы дамыту, ең алдымен асыл тұқымды шаруашылықтарды қалпына келтіру және нығайту – өнімді қой шаруашылығының негізі болып табылады, жаңа жоғары өнімді типтерді, зауыттық іздерді құру жөнінде пәрменді шаралар қабылдауда. Ауылшаруашылығы жануарларының өнімділігін жоғарылатуға бағытталған олардың тұқымдарын жетілдіруде, алынған төлдің өсімталдылығын жоғарылату және оларды өсіру өте маңызды мәселелердің бірі болып отыр [1,2,3].

Бұл туындап отырған мәселені шешу үшін қой шаруашылығын, оның ішінде өсімталдылықты жетілдіру, өсірудің тиімділігін арттыру олардың биологиялық мүмкіндіктерін толық пайдалану негізінде қой өнімділігінің озық өсуімен, сондай-ақ өнімділіктің генетикалық әлеуетін арттырумен және олардың толық көрінуін қамтамасыз ететін технологияны қолданумен ғана мүмкін болады. Бұл белгі көбінесе тұқым қуалаушылық пен қоршаған орта факторларына ғана емес, ең алдымен қойларды азықтандыруға және күтіп бағуға, әсіресе шағылыстыру алдында және шағылыстыру кезеңдерінде және белгілі бір экологиялық жағдайларда тұқымдардың үйлесімділігінің нәтижелеріне байланысты болады. Сондықтан, қой өсіру кезінде саулықтардың өсімталдылығы бойынша тұқым қуалайтын әлеуеттің бекітуге және тіпті оны арттыруға назар аудару қажет [4,5,6].

Қой шаруашылығы саласын әлемдік деңгейде дамыту тәжірибесі оның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қойлардың ет өнімділік қорын кеңінен пайдалану қажеттігін көрсетеді. Қой шаруашылығы саласында еттілікті мамандандыруды қамтамасыз ету үшін, еттілік деңгейі жоғары және жылдам жетілгіштілікпен ерекшеленетін тұқымдарды көбейту керек [7,8].

Қойлардың етті-майлы тұқымдарының биологиялық басты ерекшеліктерінің біріне жылдам жетілгіштілікті жатқызуға болады. Өсу мен дамудың қарқындылығы, жем-шөптің өнімге тиімді және аз шығынды трансформациясы, төлдерді ерте жастан шаруашылықта пайдалану құнды қасиеттер болып табылады [2,9,10].

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты қошқарлардың қоңдылық категориялары саулықтардың өндіргіштілік қабілеттеріне әсерін анықтау сонымен бірге, аталық және аналық қойларды таңдаудың оңтайлы нұсқасын анықтау нәтижесінде осы нұсқалардың қайсысы саулықтардың өсімталдылықтарының ең жақсы нәтижелерін көрсететіндігінде болды.

Өсіп келе жатқан жас төл, ет өндірудің негізгі көзі болады. Ет өндіру кезінде өсіп келе жатқан төлдердің жас кезінде тірі салмағы ең жоғары болатындай болу керек, ол бұлшық еттің өсуі есебінен болады, ұшаның тауарлық құндылығы негізінен бұлшық еттің дамуына байланысты, ол өзінің дәмдік және құнарлылық қасиеттерінің салдарынан ұшаның неғұрлым маңызды құрамдас бөлігі болып келеді [11-15].

Зерттеу нысаны мен әдістемесі. Зерттеу жұмыстары Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Шақат ауылындағы «Ақ Бас-Павлодар» шаруа қожалығында өсірілетін қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымына жүргізілді. Қыс кезінде саулықтар күндіз ашық алаңдарда, түнгі уақытта қораға кіргізілді. Қойлардың өсімталдылығын және өнімділігін жоғарлатуда оларды буаз кезінде азықтандырудың толыққандылығы маңызды. Күз-қыс кезеңінде жақсылап азықтандырып буаз саулықтардың қоңдылықтарын жоғарлатуға болады және төлдегеннен кейін олардың сүттіліктерін жоғарлатуға, сонымен қатар қозылардың өсуі мен дамуын жақсартуға қол жеткізуге болады.

1-кесте – Шағылыстыру сызбасы және алынған ұрпақтарының топтық нөмірі

Қошқарлардың қондылықтары	Саулықтардың қондылықтары және тірі салмақтары, кг (n-30)		
	жоғары	орташа	орташадан төмен
Жоғары	I - I	I – II	I - III
Орташа	II - I	II – II	II - III
Орташадан төмен	III - I	III – II	III - III

Ескерту: Қондылық категориялары: I – жоғары; II – орташа; III – орташадан төмен.

Тәжірибе өткізу үшін шаруашылықтардағы қой отарының ішінен бірінші кезеңде қойлардың қондылық категориясына байланысты ең жақсы комбинациялық нұсқаны белгілеу міндеті қойылды, ол үшін асыл тұқымды отардан қойлардың 3 тобы таңдап алынды. Павлодар ауданының далалық аймағындағы «Ак Бас-Павлодар» ШҚ жағдайында 1-ші топта қондылық категориясы жоғары қошқар мен саулықтар, 2-ші топта қондылық категориясы орташа қошқар мен саулықтар және 3-ші топта қондылық категориясы орташадан төмен қошқарлар мен саулықтары алынды. Осылайша қошқарлардың қондылық категориясының әрбір категориясына сәйкес категориядағы саулықтармен шағылыстыру жұмыстары жүргізілді (1-кесте)



1-сурет – Қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымы саулықтары

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Саулықтардың физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес тәуліктік азық рационы 2 кг пішеннен, 0,4 кг ұсақталған сұлыдан, 1 кг сабаннан тұрады, ол 1,63 азықтық өлшеміне және 166,6 г қорытылатын протеинге сәйкес, ол өз кезегінде тірі салмағы 60–70 кг қойлар үшін өте жеткілікті. Қойлардың қалыпты дамуы мен өсуін қамтамасыз ету үшін, азық рационында микро және макроэлементтердің тапшылығын толықтыру үшін және ағзаның ас тұзына деген қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қойларға минералдық тас тұзы жалауға берілді.

Екінші кестеде зерттеуге қатысқан өндіруші-қошқарлар мен саулықтардың бас санымен мен тірі салмақтарының нәтижелері көрсетілген. Өндіруші-қошқарлар барлық категорияларда элита класына жатады.

2-кесте – Зерттеудегі өндіруші-қошқарлар мен саулықтардың тірі салмақтары , кг

Қоңдылық категориясы	Қошқарлар, (n-3)	Саулықтар, кг (n-30)
I	98	66,9±0,40
II	94	65,0±0,51
III	90	60,5±0,77

Саулықтар бірінші категорияда жоғары салмақты элита малдар, ал екінші санаттағы қоңдылықтағылар элита класы болса да, салмақтары сәл төмендеу болды. Үшінші қоңдылық категориясы 1-ші кластың саулықтары болды.

Барлық 3 топтың қозылары төлдеуінің алғашқы күнінен бастап, аналықтармен бірдей жағдайда күтіп бағылды. Емізу кезеңі 120 күнге созылды. Төлдердің өсуі мен дамуына 3-кесте мәліметтері бойынша баға беруге болады.

3-кесте – Жасына қарай қозылардың өнімділігінің өзгеруі, (n-30)

Қоңдылық санаты	Тірі салмағы, кг				Орташа тәуліктік өсімі, г	
	жасы					
	туған кезінде		120 күндігінде		туғаннан 120 күн аралығында	
	еркек қозы	ұрғашы қозы	еркек қозы	ұрғашы қозы	еркек қозы	ұрғашы қозы
I - I	5,4±0,12	5,1±0,14	42,6±0,22	40,6±0,21	310,0±0,22	295,8±0,14
I -II	5,0±0,12	4,9±0,11	40,7±0,14	38,4±0,17	297,5±0,14	279,1±0,15
I - III	4,8±0,18	4,6±0,19	38,0±0,19	36,2±0,24	276,6±0,11	263,3±0,02
II - I	4,9±0,11	4,7±0,21	39,6±0,17	37,6±0,17	289,1±0,32	274,1±0,18
II - II	4,6±0,21	4,5±0,12	38,0±0,11	36,5±0,13	278,3±0,25	266,6±0,31
II - III	4,4±0,15	4,2±0,21	36,5±0,12	35,7±0,21	267,5±0,17	262,5±0,20
III-I	4,4±0,12	4,2±0,17	37,7±0,11	35,9±0,19	277,5±0,11	264,1±0,18
III-II	4,2±0,17	4,1±0,13	35,8±0,13	34,6±0,11	263,3±0,17	254,1±0,12
III-III	4,0±0,16	4,0±0,21	34,1±0,16	33,8±0,14	253,3±0,13	248,3±0,14

3-ші кестеден көріп отырғанымыздай қозылардың туған кездегі тірі салмақтары жеткілікті түрде жоғары болған. Қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойларына тән биологиялық ерекшеліктеріне байланысты, тәжірибелік топтың барлық қозыларының тірі салмақтарының қарқынды өсуі байқалады. Тез жетілгіштілігінің жоғары болуының арқасында саулықтардан айыру кезінде еркек қозылардың ең жоғары тірі салмақтарының орташа тәуліктік өсімі 310,0±0,22 г болғанда тірі салмағы 42,6±0,22 кг-ды құрады, ұрғашы қозыларды сәйкесінше 295,8±0,14 г және 40,6±0,21 кг. Жалпы айтқанда қоңдылықтары жоғары мен орташаны, және орташаны орташамен шағылыстырудан алынған қозылардың да осылайша өнімділік көрсеткіштерінің жаман еместігін атап өту қажет. Осылайша қоңдылықтары жоғары мен орташаны шағылыстырудан алынған еркек қозыларды саулықтарынан айырғанда орташа тәуліктік өсімі 297,5±0,14 г болғанда тірі салмағы 40,7±0,14 кг, ал ұрғашы қозыларда сәйкесінше 279,1±0,18 г және 38,4±0,17 кг болды, ол қоңдылықтары жоғарының көрсеткіштеріне өте жақын. Қоңдылықтары орташамен орташаны шағылыстырғаннан алынған еркек қозылардың тірі салмақтары аналықтардан айыру кезінде орташа тәуліктік өсімі 278,3±0,25 г болғанда тірі салмақтары 38,0±0,11кг, ал ұрғашы қозылар осылайша қалыспай орташа тәуліктік өсімі 266,6±0,31 г болғанда саулықтардан айыру кезінде олардың тірі салмақтары 36,5±0,13 кг құраған. Көріп отырғанымыздай соңғылары өздерінің өнімділік сапалары бойынша жоғары мен

орташадан төменгіні және орташаны орташадан төменмен сәйкестендіргеннен асып түседі. Қондылықтың орташадан төмен көрсеткіштері әдеттегідей төмен нәтижелерді құрайтындығын зерттеу нәтижелерінен аңғаруға болады.

Қозылар енесінен айырғаннан кейін 30 күн бойы, арнайы осы мақсатта бөлінген табиғи жайылымдарда жайылған және 200 г астық тұқымдас жармасымен қосымша азықтандырылды. Ұша бөліктерінің өсу жылдамдығын білдіретін өлшем көрсеткіштері негізінен қондылықтары мен тірі салмақтарының көрсеткіштерінің өсу қарқындылығымен сәйкес келетіндігі зерттеу арқылы анықталды.

Экстерьерінің жекелеген бөліктерінің өлшемдері бойынша өсуді зерттеу белгілі бір құндылықты білдіреді, бірақ жануарлардың дене бітімін дұрыс бағалау үшін дене индекстері есептелінді, себебі жеке алынған өлшемдер ағзаның дамуының үйлесімділігі туралы толық түсінік бермейді. Индекстердің негізінде жануарлардың биологиялық ерекшеліктерін және шаруашылықтық құндылығын анықтауға болады, себебі олардың арасында белгілі бір өзара байланыс болады (4-кесте).

4-кесте – Жастары бойынша дене бітімінің индекстері, %

Туған кезінде										
Қондылық сәйкестілігі	индекстері									
	сирақтылығы		тұрқы сипаты		кеуде бөксе сәйкестілігі		дене жұмырлығы		сүйектілігі	
Қозылардың жынысы	еркек	Ұрғашы	еркек	Ұрғашы	еркек	Ұрғашы	еркек	Ұрғашы	еркек	Ұрғашы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
I - I	76,3±0,22	79±0,32	68,2±0,17	70±0,15	72±0,25	64±0,32	136±0,17	135±0,15	16±0,32	14,3±0,33
I - II	70,6±0,32	72,2±0,39	67,9±0,27	64±0,32	71,2±0,15	66,9±0,18	128±0,21	130±0,12	14±0,29	12,9±0,24
I - III	63,7±0,17	62,3±0,23	71,3±0,27	68,4±0,15	89,2±0,22	88,5±0,24	139,3±0,29	137,5±0,15	15,3±0,19	15,0±0,25
II - I	73,2±0,22	68,5±0,31	69,2±0,21	68,5±0,33	86,3±0,15	80,2±0,32	131±0,17	133,5±0,12	14,2±0,19	13,8±0,25
II - II	58,4±0,23	58±0,15	65,7±0,22	63,2±0,19	69,8±0,17	65,6±0,12	123,5±0,23	125,6±0,31	14,5±0,22	14,1±0,18
II - III	56,8±0,27	56,2±0,19	63,1±0,26	62,3±0,15	67,4±0,11	62,8±0,17	121,8±0,19	123,8±0,21	13,6±0,19	12,8±0,13
III - I	69,6±0,19	70,1±0,17	65,9±0,16	63,7±0,18	69,8±0,12	64,6±0,11	126,2±0,11	129,4±0,17	13,8±0,14	12,8±0,15
III - II	56,3±0,17	56,0±0,11	62,8±0,18	61,7±0,13	66,8±0,17	62,4±0,19	120,9±0,11	122,8±0,12	13,1±0,21	12,3±0,15
III - III	55,7±0,12	55,2±0,19	61,9±0,13	60,2±0,16	64,9±0,13	60,6±0,11	119,9±0,16	121,5±0,19	12,7±0,23	12,0±0,14
4 айлығында										
Қондылық сәйкестілігі	индекстері									
	сирақтылығы		тұрқы сипаты		кеуде-бөксе сәйкестілігі		дене жұмырлығы		сүйектілігі	
Қозылардың жынысы	Еркек	Ұрғашы	Еркек	Ұрғашы	Еркек	Ұрғашы	Еркек	Ұрғашы	Еркек	Ұрғашы
I - I	62±0,12	67,2±0,11	94,5±0,21	81,3±0,22	80,4±0,15	87±0,15	114,6±0,21	114,4±0,12	13±0,15	11±0,11

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
I - II	71±0,22	73±0,21	92,1±0,22	91±0,18	77±0,19	81,8±0,21	109±0,21	112,5±0,31	12,5±0,12	12±0,21
I - III	68,5±0,15	72,8±0,22	91,5±0,15	90,6±0,12	75,9±0,12	79±,022	109,1±0,15	111,5±0,19	12±0,24	12,1±0,17
II - I	70±0,19	62,5±0,18	89±0,18	92±0,24	82,5±0,21	85±0,12	108,5±0,22	110,2±0,25	12,2±0,15	12,6±0,16
II - II	58±0,21	56,4±0,13	81,2±0,16	83,1±0,15	77,5±0,19	80,6±0,19	104,6±0,31	109,5±0,15	12,7±0,19	13±0,11
II - III	58,5±0,13	56,8±0,12	80,9±0,11	79,7±0,17	74,9±0,13	72,7±,024	106,4±0,13	104,9±0,15	12,0±0,11	10,6±0,19
III - I	66,7±0,11	36,9±0,18	88,7±0,19	86,7±0,16	74,8±0,19	69,8±,012	107,1±0,11	105,9±0,19	12,1±0,17	11,9±0,12
III - II	57,6±0,11	55,9±0,17	79,7±0,21	78,3±0,16	73,9±0,11	71,3±,019	105,8±0,17	103,9±0,11	12,0±0,21	10,3±0,11
III - III	55,2±0,19	53,7±0,11	76,7±0,19	75,8±0,13	71,7±0,21	69,2±,019	103,2±0,19	102,7±0,16	11,9±0,14	10,1±0,11

Жекелеген өлшемдердің және бөліктерінің қатынасы қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымның қозыларының Солтүстік-Шығыс Қазақстанның далалық аймақ жағдайында қондылығы тұрқы сипаты индекстері бойынша республиканың басқа аймақтарында өсірілетін өздерінің жастастарынан қалыс қалмайтындығын көрсетеді. Қозылары сүйектілік индексінің жоғарылығымен сипатталды, ол қойлардың конституциясы мықты болып табылады. Осылайша қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымы қозыларының дене өлшемдерін өлшеу динамикасы өсудің жалпы заңдылығына тән екендігін көрсетеді, яғни неғұрлым қарқынды өсу кезеңі баяу өсу кезеңімен ауысады. Малдарда орташа тәуліктік өсімнің және туғаннан бастап бір айлық жасқа дейін қарқынды өсуі және 4 айдан 5 айға дейін елеулі түрде төмендеуі қазақтың құйрықты қылшық жүнді тұқым төлдерін ене-рінен айырғаннан кейін азықтандыру деңгейінің тиісті өзгеруіне, бірқатар заңдылықтарға байланысты. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша қондылықтары жоғары қосқарларды қондылықтары жоғары және орташа саулықтармен, сонымен қатар қондылықтары орташа қосқарларды қондылықтары орташа саулықтармен шағылыстырғанда алынған қозылардың тірі салмақтары ең жоғары болғандығын атап өткен дұрыс. Саулықтардың өсімталдылығы және қозылардың өміршеңділігі қойлардың биологиялық маңызды ерекшелігі болып келеді және шаруашылықта өте бағалы болады. Осыған байланысты саулықтардың көбеюшілік қабілеттерін және қозылардың өміршеңділіктерін зерттеу үшін, жұмыстар жүргізілді, оның нәтижесін 5-кестеде берілген мәліметтер бойынша бағалауға болады.

5-кесте – Саулықтардың көбеюшілік қабілеті және қозылардың өміршеңділігі

Көрсеткіштер	Қондылығы		
	жоғары	орташа	орташадан төмен
Ұрықтандырылған саулықтар, бас	90	90	90
Саулықтардың төлдеуі, бас.	87	88	85
Ұрықтануы, %	96,6	97,7	87,7
Алынған қозылар, бас	148	151	125
Өсімталдылығы, %	120,1	131,4	118,2
Енесінен айыру кезінде сақталған қозылар, бас	146	150	122
Сақталғаны, %	98,6	99,3	97,6

Кестедегі мәліметтерден жалпы алғанда саулықтардың көбеюшілік қабілеттері

жоғары болуымен сипатталатындығын көруге болады. Ұрықтандырылған саулықтардың ұрықтану көрсеткіштері жоғары, орташа және орташадан төмен қондылық категориясы бойынша 96,6; 97,7; 87,7 пайыз аралығын қамтыған. Бұдан қарағанда қондылығы жоғары және орташа саулықтардың ұрықтану деңгейі 10 пайызға жоғары болатындығын зерттеу нәтижесінен көруге болады. Алынған қозылардың өсімталдығы 120,1; 131,4; 118,2 пайызды құрады. Ал, есесінен айыру кезінде сақталған қозылардың пайыздық көрсеткіштері жоғары қондылықтарда 98,6, орташа қондыларда 99,3, орташадан төмендерде 97,6 пайызды құрады.

Шағылыстыруға түсетін саулықтарды азықтандыру деңгейі мен қондылық жағдайы олардың көбеюшілік қабілеттеріне елеулі түрде әсер етеді. Көбеюшілік қабілеті бойынша саулықтардың тұқымқуалаушылық ерекшеліктері толығымен байқалуы үшін, олардың қондылықтарын оңтайлы деңгейде ұстау қажет. Шағылыстыру кезінде сондай-ақ буаз кезіндегі саулықтардың қондылықтары орташадан төмен болмауы керек. Көптеген тәжірибелерден қойлардың қондылықтарының төмендеу шамасы бойынша қойлардың қысыр қалулары көбейеді, төл алуы азаяды.

Саулықтарды азықтандыру деңгейін және қондылықтарын күрт төмендету кезінде қозы алуы 90–95 %-ға дейін азаяды, ал қысыр қалуы 10–20 %-ға өседі. Тұқымның осыншама қанағаттанарлық емес нәтижелерін арықтаған қойлардың мүлдем күйлемейуімен немесе жұмыртқа жасушаларының жеткіліксіз дәрежеде бөлініп шығуымен түсіндіреді. Шын мәнісінде мәселе басқада, ол қондылығы орташадан төмен, бірақ олар арық емес қойларда овуляция және ұрықтануы қалыпты өтеді, ал қосарланған овуляция қондылығы жақсы қойлармен салыстырғанда төмен емес. Қондылықтары әр түрлі қойлардың арасындағы елеулі айырмашылық имплантация және ұрықтың дамуы процессін зерттеу кезінде анықталады. Қондылықтары жақсы және орташа қойларда ұрықтандыру кезінде пайда болған ұрық жатырдың шырышты қабығына бекиді және қалыпты дамиды. Қондылықтары орташадан төмен қойларда ұрықтарының көп бөлігі бластодермикалық көпіршік қалыптасқанда 9-шы күні өледі немесе ұрықтың тамырлы қабығы жатырдың шырышты қабығына бекіген 20–22 күні өледі. Жүйке жүйесінде өзгерісі болған кезде, ағзаның әлсіреуіне байланысты осындай құбылыс болуы мүмкін. Арықтаған саулықтарда буаздылық кезінде сары денесінің секрециясы төмендейді деп болжам жасауға болады. Кондициясы төмен қойларды ұлпалық сұйықтықтың реакциясы қышқылды болады (ацидоз құбылысы), соның нәтижесінде ұрықтың қалыпты дамуы бұзылатындығы анықталды.

Ұрықтың резорбциясы бірнеше апта ішінде ақырындап жүретінін және осы кезеңде қой күйітке келмейтіндігін атап өту маңызды. Буаздылық кезінде сары денесі жұмыс жасамайтын кезде саулық қайтадан күйлеуге келеді, ал ол кезде отарда еркек қойлар болмайды да ол қысыр қалады [14.15].

Буаз қойлар қатты арықтаған кезде жас ұрықтар ғана емес толық қалыптасқан ұрықтарда семіп кетуі мүмкін. Дамудың кеш сатысында өлген ұрықтың семуі өте баяу жүретіндігі белгілі. Өлген ұрықтың қалдықтары аналықтың жыныстық жолдарында 2–3 жыл бойы сақталып қалуы да сирек емес, және осы жылдары аналық қой қысыр қалады, ол табын бойынша төл алынуының елеулі түрде төмендеуіне әкеледі.

Осылайша қысыр қалумен күресте саулықтарды шағылыстыруға уақытылы және жақсы дайындау өте маңызды.

Қорытынды. Жоғарыда көрсетілген малдарды шағылыстырудан алынған қозылардың тірі салмақ бойынша айырмашылықтары жасы келе солай сақталады. Қондылықтары жоғары қозыларды қондылықтары жоғары және орташа саулықтармен шағылыстыру кезінде алынған төлдерді енесінен айыру кезіндегі тірі салмақтары былайша болды: еркек қозыларда 37,2 кг, ұрғашы қозыларда 35,5 кг және сәйкесінше екінші шағылыстырудан алынған еркек қозылардың салмақтары 35,7 кг, ал ұрғашы

қозылары 33,5 кг болды. Қоңдылықтары жоғары жануарларды ғана емес, сонымен бірге асыл тұқымды отарда қоңдылықтары жоғары және төмен санатты малдармен салыстырғанда жеке салмағы жоғары қоңдылықтары орташа жануарларды қолдану тиімді саулықтармен шағылыстыру кезінде алынған төлдің өнімділік көрсеткіштері енесінен айыру кезінде келесідей: еркек қозылардың тірі салмақтары 34,0 кг, сәйкесінше ұрғашы қозыларда 31,6 кг бұл өз кезегінде солтүстік-шығыс қазақстанның қатаң табиғат-климаттық жағдайында қазақи құйрықты қылшық жүнді тұқым төлдерінің сақталуының және өміршеңділігінің жоғарылығын дәлелдейді. Қоңдылықтары орташадан төмен қошқарлармен саулықтарды шағылыстырудан туған қозылардың 4 айдағы өсімі еркек қозыларда 30,1 кг, ұрғашыларында 29,8 кг құрады.

Қазақтың құйрықты қылшық жүнді қой тұқымы қозыларының дене өлшемдерін өлшеу динамикасы өсудің жалпы заңдылығына тән екендігін көрсетеді, яғни неғұрлым қарқынды өсу кезеңі баяу өсу кезеңімен ауысады.

Ұрықтандырылған саулықтардың ұрықтану көрсеткіштері жоғары, орташа және орташадан төмен қоңдылық категориясы бойынша 96,6; 97,7; 87,7 пайыз аралығын қамтыған. Бұдан қарағанда қоңдылығы жоғары және орташа саулықтардың ұрықтану деңгейі 10 пайызға жоғары болатындығын зерттеу нәтижесінен көруге болады. Алынған қозылардың өсімталдығы 120,1; 131,4; 118,2 пайызды құрады. Ал, енесінен айыру кезінде сақталған қозылардың пайыздық көрсеткіштері жоғары қоңдылықтарда 98,6, орташа қоңдыларда 99,3, орташадан төмендерде 97,6 пайызды құрады.

Нарықтық экономика жағдайында қойлардың өнімділік бағытына қарамастан төлдерін бордақылау, сапасы жоғары және бәсекелестілікке қабілетті жас қойы етін алу технологиясының ажырамас бөлігі болып енеді [4].

Қаржыландыру. Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінен қаржыландырылған (ИРН № BR24992940).

Әдебиеттер:

[1] **Канапин, Б.К.,** Медеубеков, К.У. Рост и формирование мясной продуктивности баранчиков казахской курдючной полугрубошерстной породы [Текст] – Алматы: КазНИТИО, 2000. – 7 с.

[2] **Двалишвили, В.Г.** Продуктивность чистопородных и полукровных по эдильбаю романовских баранчиков [Текст] / В сборнике: Повышение конкурентоспособности племенного животноводства и кормопроизводства в современной России // Сборник материалов VIII международной научно-практической конференции. – 2017. – С. 11-13.

[3] **Хамитова, А.Е.,** Темиржанова А.А., Бурамбаева Н.Б. Убойная характеристика и морфологический состав туши молодняка овец казахской курдючной полугрубошерстной (внутрипородный тип «Байыс») и казахской курдючной грубошерстной пород в условиях северо-востока Казахстана [Текст] // Многопрофильный научный журнал «3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация». КГУ им. Байтурсынова. 2017. № 1., Ч.1. С. 243-247.

[4] **Марченко, В.В.** Особенности продуктивности разных пород овец Ставропольского края [Текст] // Аграрный научный журнал. – 2017. – № 8. – С. 14-17.

[5] **Temirzhanova, A.,** Burambayeva N., Assanbayev T., Abeldinov R., Nurzhanova K., Akhmetalieva A. Exterior indicators and meat productivity of domestic sheep meat-sebaceous (edilbaev, Kazakh fat-tailed coarse-wooled and Kazakh fattailed semi-coarse-wooled) breeds // AD Alta-journal of interdisciplinary research. – 2019. – Т. 9. – В. 1. – С. 81-89. Специальный выпуск: 5 URL: http://www.magnanimitas.cz/ADALTA/090105/papers/G_10.pdf

[6] **Куликова, А.Ю.** «Овцы, козы, шерстяное дело», – № 1, – 2021. – PP. 3-6. <https://doi.org/10.26897/2074-0840-2021-1-3-6>

[7] **Arranz, J.J.,** Bayón Y., San F. Genetic relationships among Spanish sheep using microsatellites. Journal Animal genetics. Volume 29, Issue 6. – PP. – 435-440. <https://doi.org/10.1046/j.1365-2052.1998.296371.x>

[8] **Erokhin, A. I.** On the issue of line breeding during the cre-ation and improvement of fl ocks

and sheep breeds // A.I. Er-okhin, E.A. Karasev, S.A. Erokhin // Sheep, goats, woolen work. – 2017 – No. 1. – P. 12-13.

[9] **Zabelina, M.V.** Preservation of the gene pool of domestic animals – a state task / M.V. Zabelina E.Yu. Reizbich, M.V. Be-lova // Sheep, goats, woolen work. – 2014 – No. 2. – P. 8-9.

[10] **Satiyeva, K.R.**, Nurzhanova, K.H., Akhmetova, B.S., Kazhybekova, T.K. Use of artificial and artificial sperm Baranov porod avassi in the ownership of the Abai region of the East Kazakhstan region // Scientific and practical Journal of the Zapadno-Kazakhstan agrarian and Technical University named after Zhangir Hana Science and education. – 2022, – № 4-3 (69) – P. 42-50. <https://doi.org/10.56339/2305-9397-2022-4-3-42-50>

[11] **Jainudeen, M.R.**, Wahid H., Hafez E.S.E. Sheep and Goats. <https://doi.org/10.1002/9781119265306.ch12>

[12] **Deniskova, T.E.** Assessment of genetic susceptibility to classical and atypical scrapie in five russian locally derived sheep breeds // T.E. Deniskova, O.V. Kostyunina, M.I. Selionova, S.N. Petrov, V.R. Kharzinova, G.G. Brem, N.A. Zinoveva // Journal of Animal Science. – 2018. – T. – 96. – № 3. – 468 c. <https://doi.org/10.1093/jas/sky404.1022>

[13] **Dimitrova, I.**, Bozhilova-Sakova M., & Iliev M. Study of some genes associated with meat productivity in Karnobat Merino sheep breed using PCR-RFLP // Journal of Agriculture and Veterinary Science (IOSR-JAVS). – 2017. – Vol. 10, Issue 8 Ver. III (August). – P. 61–65. – URL: www.iosrjournals.org.

[14] **Бұрамбаева, Н.**, Темиржанова А.А., Абельдинов Р.Б., Асанбаев Т.Ш., Баужанова Л.М., & Аманбаева С.Б. Қазақтың құйрықты ұяң жүнді (Тұқымішілік «Байыс» типі) қой тұқымдарының қозыларының өсіп-жетілуі мен бітім ерекшеліктерін және жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістері // Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университетінің Ғылым және білім журналы. – 2022. – 2-бөлім, № 3-2 (68). – Б. 54-61.

[15] **Сейтханова, К.К.**, Бұрамбаева Н.Б., Нуржанова Г.Х., Сапарғалиев Н. Аралас және таза тұқымды қазақтың құйрықты ұяң жүнді тұқымдарының Байыс тұқымішілік типі қозыларының өсуі мен дамуын салыстырмалы бағалау. [Текст]. Шәкәрім атындағы Семей университетінің жаршысы, – 2020 ж. – 123 б.

References:

[1] **Kanapin, B.K.**, Medeubekov, K.U. Rost i formirovanie mjasnoj produktivnosti baranchikov kazahskoj kurdjuchnoj polugrubosherstnoj porody [Tekst] – Almaty: KazNITIO, 2000. – 7 s. [in Russian]

[2] **Dvalishvili, V.G.** Produktivnost' chistopородnyh i polukrovnyh po jedil'baju romanovskih baranchikov [Tekst] / V sbornike: Povyszenie konkurentosposobnosti plemennogo zhivotnovodstva i kormoproizvodstva v sovremennoj Rossii // Sbornik materialov VIII mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. – 2017. – S. 11-13. [in Russian]

[3] **Hamitova, A.E.**, Temirzhanova A.A., Burambaeva N.B. Ubojnaja karakteristika i morfologicheskij sostav tushi molodnjaka ovec kazahskoj kurdjuchnoj polugrubosherstnoj (vnutripородnyj tip «Bajys») i kazahskoj kurdjuchnoj grubosherstnoj porod v uslovijah severo-vostoka Kazahstana [Tekst] // Mnogoprofil'nyj nauchnyj zhurnal «3i: intellect, idea, innovation – intellekt, ideja, innovacija». KGU im. Bajtursynova. 2017. № 1., Ch.1. S. 243-247. [in Russian]

[4] **Marchenko, V.V.** Osobennosti produktivnosti raznyh porod ovec Stavropol'skogo kraja [Tekst] // Agrarnyj nauchnyj zhurnal. – 2017. – № 8. – S. 14-17. [in Russian]

[5] Temirzhanova, A., Burambayeva N., Assanbayev T., Abeldinov R., Nurzhanova K., Akhmetalieva A. Exterior indicators and meat productivity of domestic sheep meat-sebaceous (edilbaev, Kazakh fat-tailed coarse-wooled and Kazakh fattailed semi-coarse-wooled) breeds // AD Alta-journal of interdisciplinary research. – 2019. – T. 9. – V. 1. – S. 81-89. Special'nyj vypusk: 5 URL: http://www.magnanimitas.cz/ADALTA/090105/papers/G_10.pdf

[6] **Kulikova, A.Ju.** «Ovcy, kozy, sherstjanoedelo», – № 1, – 2021. – PP. 3-6. <https://doi.org/10.26897/2074-0840-2021-1-3-6>

[7] **Arranz, J.J.**, Bayón Y., San F. Genetic relationships among Spanish sheep using microsatellites. Journal Animal genetics. Volume 29, Issue 6. – PP. – 435-440. <https://doi.org/10.1046/j.1365-2052.1998.296371.x>

[8] **Erokhin, A.I.** On the issue of line breeding during the cre-ation and improvement of fl ocks

and sheep breeds // A.I. Er-okhin, E.A. Karasev, S.A. Erokhin // Sheep, goats, woolen work. – 2017 – No. 1. – P. 12-13.

[9] **Zabelina, M.V.** Preservation of the gene pool of domestic animals – a state task / M.V. Zabelina E.Yu. Reizbich, M.V. Be-lova // Sheep, goats, woolen work. – 2014 – No. 2. – P. 8-9.

[10] **Satiyeva, K.R.,** Nurzhanova K.H., Akhmetova B. S., Kazhybekova T.K. Use of artificial and artificial sperm Baranov porod avassi in the ownership of the Abai region of the East Kazakhstan region // Scientific and practical Journal of the Zapadno-Kazakhstan agrarian and Technical University named after Zhangir Hana Science and education. – 2022, – № 4-3 (69) – P. 42-50. <https://doi.org/10.56339/2305-9397-2022-4-3-42-50>

[11] **Jainudeen, M.R.,** Wahid H., Hafez E.S.E. Sheep and Goats. <https://doi.org/10.1002/9781119265306.ch12>

[12] **Deniskova, T.E.** Assessment of genetic susceptibility to classical and atypical scrapie in five russian locally derived sheep breeds // T.E. Deniskova, O.V. Kostyunina, M.I. Selionova, S.N. Petrov, V.R. Kharzinova, G.G. Brem, N.A. Zinoveva // Journal of Animal Science. – 2018. – T. – 96. – № 3. – 468 s. <https://doi.org/10.1093/jas/sky404.1022>

[13] **Dimitrova, I.,** Bozhilova-Sakova M., & Iliev M. Study of some genes associated with meat productivity in Karnobat Merino sheep breed using PCR-RFLP // Journal of Agriculture and Veterinary Science (IOSR-JAVS). – 2017. – Vol. 10, Issue 8 Ver. III (August). – P. 61-65. – URL: www.iosrjournals.org.

[14] **Burambaeva, N.,** Temirzhanova A. A., Abel'dinov R.B., Asanbaev T.Sh., Bauzhanova L.M., & Amanbaeva S.B. Qazaqtyn qujryqty ujan zhundi (Tuqymishilik «Bajys» tipi) qoj tuqymdarynyn qozylarynyn osip-zhetilui men bitim erekshelekterin zhane zhyl mezgilderine bajlanysty ozgeristeri // Zhangir han atyndagy Batys Qazaqstan agrotehnikalyq universitetinin Gylym zhane bilim zhurnaly. – 2022. – 2-bolim, № 3-2 (68). – B. 54-61. [in Kazakh]

[15] **Sejthanova, K.K.,** Burambaeva N.B., Nurzhanova G.H., Sapargaliev N. Aralas zhane taza tuqymdy qazaqtyn qujryqty ujan zhundi tuqymynyn Bajys tuqymishilik tipi qozylarynyn osui men damuyn salystyrmaly bagalau. [Tekst]. Shakarim atyndagy Semej universitetinin zharshysy, – 2020zh. – 123 b. [in Kazakh]

